

Маңғыстау облысы білім басқармасының «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

«Арнайы балабақшада ойын арқылы оқыту мен ұлттық құндылықтарды дамытудың тиімді әдістері»

(Әдістемелік құрал)



Ақтау 2026 жыл



Решензент: Ш.Есенов атындағы Кәсіпші технологиялар және инженеринг университеті. Педагогика факультетінің педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры Қалиева Гүлжан Абузаровна

Решензент: Ш.Есенов атындағы Кәсіпші технологиялар және инженеринг университеті. Педагогика факультеті, "Жалпы педагогика" кафедрасының меңгерушісі А.М.Джанисенова

Кұрастырушы:
«№4 арнайы балабақшасы» директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Умирзахова Раушан Сериковна

Аннотация:
Бұл еңбекте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ойын арқылы оқытудың тиімді жолдары мен тәрбие үдерісіне ұлттық құндылықтарды сақтау, ұлттық ойындар, өнер) кіріктіру әдістері қарастырылған. Автор арнайы балабақша жағдайында баланың танымдық, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ұлттық нақыштағы ойын ортасын ұйымдастырудың маңыздылығын негіздейді. Әдістемелік құрал мектепке дейінгі тәрбие мен арнайы білім беру саласының мамандарына, тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған.

«Ұсынылды»
Хаттама №1
«*Ж*» 03.2026ж.
Хатшы *М* М.Байдулла

Түсіндірме жазба

Тақырыптың өзектілігі: Кәсіпші таңда арнайы балабақшаларда тәрбиеленетін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны артып, олардың даму ерекшеліктерінің әртүрлілігі байқалауы. Мұндай жағдайда дәстүрлі оқыту әдістері арнайы тиімді бола бермейтіндіктен, баланың табиғи іс-әрекеті болып табылатын ойын арқылы оқыту мен ұлттық құндылықтарды (сағт-дәстүр, ұлттық ойындар, музыка) тәрбие үдерісіне кіріктіру өзекті мәселе болып табылады.

Әдістемелік құралдың мақсаты: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ойын арқылы оқыту процесінде ұлттық құндылықтарды тиімді пайдалану жолдарын айқындап, педагогтардың тәжірибесінде қолдануға арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу.

Негізгі міндеттері:

Арнайы балабақшада ойын арқылы оқытудың педагогикалық маңыздылығын ашу;
Ұлттық құндылықтардың бала дамуындағы рөлін анықтау;
Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс барысында ұлттық элементтерді ойында кіріктіру жолдары мен тиімді әдістерін жүйелеу;
Ұлттық құндылықтарға негізделген дамытушы ойын ортасын ұйымдастырудың маңыздылығын көрсету;
Күтілетін нәтиже: Осы құралды қолдану нәтижесінде балалардың бойында ұлттық құндылықтар туралы бастапқы түсініктер қалыптасады, олардың қимылы-қозғалысы, сөйлеу белсенділігі мен танымдық үдерістері (зейін, есте сақтау, ойлау) дамиды.

КІРІСПЕ

Кәсіпші арнайы білім беру жүйесінде мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытуға ойын арқылы оқыту негізгі жетекші әдістердің бірі болып табылады. Әсіресе арнайы балабақшаларда тәрбиеленетін балалардың психикалық, сөйлеу, әлеуметтік және эмоциялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеу үдерісін тиімді ұйымдастыру маңызды орын алады. Бұл үдерісте баланың табиғи қажеттілігі болып табылатын ойын әрекеті арқылы білім беру нәтижелілігі арта түседі.

Сонымен қатар, жаңадану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру — білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Қазақ халқының ұлттық ойындары, сағт-дәстүрлері, ауыз әдебиеті, ұлттық музыкасы мен тұрмыстық заттары баланың тұлғалық дамуына, ұлттық болмысын қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Арнайы балабақша жағдайында ойын арқылы оқыту мен ұлттық құндылықтарды кіріктіру — ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, сөйлеу дағдыларын, ұсақ және жалпы моториканы, әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік береді. Осы әдістемелік кітапта арнайы балабақшада ойын арқылы оқытуға ұлттық құндылықтармен ұштастырудың тиімді жолдары қарастырылды.

ІНТЕГРІТ БӨЛІМ

АРНАЙЫ БАЛАБАҚШАДА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ДЫН РӨЛІ

Арнайы балабақшада ойын — балалардың негізгі оқу-танымдық әрекеті. Тәрбиешінің басты рөлі — бұл баланың ойын әрекетін бағыттау, дамыту және оны оқу-тәрбие процесімен байланыстыру. Тәрбиеші ойын арқылы балалардың психологиялық, сөйлеу және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Негізгі міндеттері:

- ар баланың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып ойын ұйымдастыру;
- ойын арқылы баланың танымдық, моторлық, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларды дамыту;
- ұлттық құндылықтарды ойын мазмұнына енгізу;
- балаларға эмоционалды қолдау көрсету, қызығушылықтарын ояту;
- ойын әрекеті барысында балалардың белсенділігін ынталандыру және олардың дамуын бақылау.

Тәрбиешінің әрекеті — бала үшін үлгі, бағдар және қолдау. Балалар көбінесе тәрбиешінің әрекетін қайталау арқылы жана дағдыларды меңгереді, сондықтан педагогтың сөйлеуі, іс-әрекеті, эмоциональдық қатынасы маңызды.

Ойын арқылы оқытудың бала дамуына әсері

Арнайы балабақшадағы ойын балалардың әртүрлі даму бағыттарын қамтыды:

1. Танымдық даму: ойын арқылы бала жана заттарды зерттейді, себеп-салдар байланысын түсінеді.
2. Әлеуметтік даму: топтық ойындар балаларға қатынаса жасау, өз ойын бiлдiру, ережелердi сақтау дағдыларын үйретедi.
3. Сөйлеу дамуы: рөлдік және сюжеттік ойындар сөздік қорды байытады, сөйлем құрылымын үйретеді, сөйлеу мәдениетін дамытады.
4. Эмоциональдық даму: ойын барысында бала өз эмоцияларын білдіреді, қорқыныш пен қуанышын бөліседі, өзін-өзі реттеуді үйренеді.
5. Моторлық даму: қимыл-қозғалыс ойындары ұсақ және үлкен моториканы жетілдіреді, координацияны дамытады.

Ойын әрекеті ар даму саласына мақсатты түрде бағытталған жағдайда ғана тиімді болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен ойын жүргізудің қағидалары Арнайы балабақшамен жұмыс істегенде ойынның тиімділігін қамтамасыз ету үшін келесі қағидаларды ұстау қажет:

1. Қысқа, нақты тапсырмалар беру: ұзақ нұсқаулар балалар үшін қиын болуы мүмкін.

2. Қайталау және үлгі көрсету: бала әрекетті қайталағанда тәрбиеші дұрыс үлгі береді, сөйлеу мен іс-әрекетті бағыттайды.

3. Қызығушылықты ояту: ойын қызықты, әртүрлі және балалардың қызығушылығына сәйкес болуы керек.

4. Эмоциональдық қолдау: бала қате жасаса немесе түсінбесе, қиналмай, бағыттау арқылы үйрету.

5. Ұлттық құндылықтарды интеграциялау: ойын мазмұнында қазақи дәстүрлер, ұлттық ойындар, музыка мен заттарды пайдалану.

6. Индивидуализация: ар баланың даму мүмкіндігіне сәйкес ойын тапсырмаларын өзгерту.

Ойын түрлерін ұйымдастырудағы рөлі

Арнайы балабақшада әртүрлі ойын түрлерін тиімді ұйымдастыру маңызды:

- Дидактикалық ойындар: жана білім мен түсініктерді меңгерту, танымдық дағдыларды дамыту.
 - Сюжеттік-рөлдік ойындар: әлеуметтік, сөйлеу және эмоциялық дағдыларды дамыту.
 - Қимылды ойындар: моторика мен координацияны жетілдіру, дене үйгесімін дамыту.
 - Ұлттық ойындар: мәдени құндылықтарды енгізу, баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру.
- Тәрбиеші ойын барысында бақылаушы, бағыттаушы және үлгі көрсетуші болып табылады. Ол ойынның мақсатқа сай өтуін қалғалайды, балалардың белсенділігін ынталандырады және ар баланың дамуын қолдайды.

ҰЛТТЫҚ ҚУНДЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕ ҮРДСІНЕ ЕНГІЗУДІН МАНЫЗЫ

Ұлттық құндылық ұғымы және олардың бала дамуына әсері:

Ұлттық құндылықтар — ар ұлтқа тән мәдени, рухани, моральдық және тарихи ерекшеліктер. Олар баланың тулғалық дамуына, мінез-құлқының қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын түсінуге тікелей әсер етеді. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың ойлау, сөйлеу, әлеуметтік және эмоциональдық қабілеттері қарқынды дамыды. Сондықтан осы кезеңде ұлттық құндылықтарды тәрбиелік үдерісіне енгізу маңызды.

Арнайы балабақшада ұлттық құндылықтарды ойын әрекеті арқылы меңгерту балалардың бойына:

- құрмет, мейірімділік, ынтымақтастық сияқты моральдық қасиеттерді сіндреді;
- мәдениет пен дәстүрді түсінуге, өз ұлтына деген құрмет сезімін қалыптастырады;
- танымдық қызығушылықты оятыды, шығармашылық қабілетін дамытады;
- әлеуметтік қатынастарды үйгесімді дамытуға көмектеседі.

ҰЛТТЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ДАМУҒУШЫ ОЙЫН ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ұлттық бағыттағы дамытушы ойын ортасының мәні
Балалардың ұлттық құндылықтармен танысуы мен танымдық, әлеуметтік және шығармашылық дамуы ойын ортасының сапасына тікелей байланысты. Арнайы бағдарламаларда ұлттық бағыттағы дамытушы ойын ортасын құру — бұл баланың ойын әрекетін тиімді ұйымдастырудың негізгі шарты.

Мұндай орта балаларға:

- қауіпсіз және қызықты ойын алаңын қамтамасыз етеді;
- ұлттық ойындар мен мәдени элементтерді көрнекі түрде ұсынады;
- балалардың қиындықсыз, сөйлеу, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді;
- өзге тән мәдени тәжірибе мен дәстүрді түйсінуді, құрметтеуді қалыптастырады.

Топ бөлмесін ұлттық нақышта безендіру

Тәрбиеші ұлттық ойын ортасын ұйымдастыруда топ бөлмесінің көрнекілігі мен жабдықталуын ескереді:

- Көрнекі құралдар: қазақтың ұлттық суреттері, қағаздан немесе текстильден жасалған ұлттық бұйымдар, дәстүрлі киімдер, халық ертегілері мен кейіпкерлері бейнеленген көрнекі паннолар;
- Ойын бұрыштары: «Асық ойыны», «Қыз куу», «Колонер бұрышы», «Наурыз» мерекесіне арналған ойын алаңы;
- Қауіпсіздік: барлық ойын элементтері балалардың жас ерекшелігі мен дене қабілеттеріне сәйкес, қауіпсіздік талаптарына сай болуы қажет;
- Түс үйлесімі: қазақы нақыштағы, жылы ері тарымды түстер палитрасы балалардың көңілін көтеріп, ойында қызығушылықты арттырады.

Көрнекі және дидактикалық құралдарды ұлттық мазмұнда қолдану

Ұлттық мазмұндағы көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдар арқылы балалар:

- заттардың атауын, түсін, формасын және қолданылуын таниды;
- ұлттық ойындарды меңгереді;
- рөлші және сюжеттік ойындарда өз әрекетін үйлестіреді;
- шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Мысалы:

- «Асық» ойыны арқылы санақ, моторика және ережені сақтау дағдылары дамиды;
- «Қыз куу» ойынында қиынды үйлестіру мен топтық ынтымақтастық қалыптасады;
- «Домбыра мен кобыз дыбыстарымен» ойындар арқылы балалар музыкалық және эмоционалды дамиды.

-Мамандық бірлескен жұмысы

Ұлттық бағыттағы ойын ортасын тиімді ұйымдастыру үшін педагогтар мен мамандардың бірлескен жұмысы маңызды:

- Тәрбиеші: күнделікті ойын әрекетін жүргізеді, балалардың белсенділігін қатағалайды, ұлттық элементтерді енгізеді;
- Логопед: ойын арқылы сөйлеу тлін дамытуға үлес қосады. Диалог және сұрақ-жауап элементтерін ұйымдастырады;
- Дефектолог: балалардың танымдық және психо-моторлық дамуын бақылап, түзету жұмыстарын жүргізеді;
- Психолог: эмоционалды жағдай мен әлеуметтік қарым-қатынасты қолдайды.

Барлық мамандардың үйлесімді жұмысы балалардың ойын әрекеті арқылы ұлттық құндылықтарды меңгеруді, дамуын және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз етеді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізу балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Бұл үдеріс ойын арқылы, көрнекілік пен практикалық әрекеттерді пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Ұлттық құндылықтар күнделікті режимдік сәттерде, ұйымдастырылған оқу қызметінде және еркін ойын барысында жүйелі түрде қамтылады. Тәрбиеші ұлттық мазмұнды баланың түсінуіне жеңіл, қолжетімді формада ұсынып, жағымды эмоционалды орта қалыптастырады.

Тіл-ұлттық құндылықтың негізі

Тіл — халықтың рухани және мәдени байлығының басты құралы. Балаларды ана тілінде сөйлеуге, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды ойын арқылы меңгеруге үйрету ұлттық сана-сезімнің қалыптастырылды және ұлттық құндылықтарды меңгерудің негізі болып табылады.





Ұлттық ойын
«Асық» ұлттық ойыны

Мақсаты:

- ұсақ моториканы дамыту;
- санау дағдыларын қалыптастыру;
- зейін мен ережені сақтауға үйрету.

Қажетті құралдар:

- түрлі түсті асықтар;
- кілемше немесе ойын алаңы.

Ойын барысы:

1. Тәрбиеші балаларды шеңберге отырғызады.
2. Асықтарды көрсетіп, атауларын айтады (түсі, саны).
3. Балаларға асықтарды бір-бірлеп алып, санау ұсынылады.
4. «Қай асық домалақ?», «Қайсысы көп?» деген сұрақтар қойылады.
5. Балалар асықты белгілі бір бағытқа лақтырып, жинайды.

Нәтижесі:

Балалардың ұсақ моторикасы, сандық түсінігі, зейіні дамиды, ұлттық ойынға қызығушылығы артады.

«Арқан тартыс» ойыны



Ойынның мақсаты:

- балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- қол, иық, аяқ бұлшықеттерін дамыту;
- топта бірлесіп әрекет ету, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықты арттыру.

Ойынның барысы:

1. Тәрбиеші балаларды екі топқа тең бөліп орналастырады.
2. Арқанның ортасына белгі қойылады.
3. Әр топ арқанның бір шетін ұстайды.
4. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді:

- белгіленген сызықтан асырмау;
- арқанды тарту кезінде итермеу, жұлқыламау;
- тәрбиешінің белгісімен ғана бастау.

5. «Бір, екі, үш – тарт!» деген белгі берілгенде балалар арқанды өз жағына қарай тартады.

6. Белгі сызықтан қай топтың жағына өтсе, сол топ жеңімпаз атанады.

Ойын барысында дамитын дағдылар:

- ірі моторика;
- тепе-теңдік пен қозғалыс үйлесімділігі;
- тындау және нұсқауды орындау;
- өз әрекетін топ әрекетіне бейімдеу.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып — халықтың тұрмыс-тіршілігі мен тәрбие мәдениетін бейнелейтін ұлттық құндылықтар. Тәрбие процесінде олар балаларға ойын, көрнекілік және күнделікті әрекеттер арқылы түсіндіріліп, ұлттық мәдениетке қызығушылық пен құрмет қалыптастырылады.





Үлкен құрмет

Үлкенге құрмет — қазақ халқының басты ұлттық құндылықтарының бірі. Балаларды үлкендермен сәлемдесуге, сыпайы сөйлесуге, айтқанын тыңдауға және көмектесуге үйрету арқылы бұл құндылық қалыптасады. Тәрбие процесінде үлкенге құрмет көрсету дағдылары күнделікті қарым-қатынас пен ойын әрекеті арқылы жүйелі түрде дамытылады.



Еңбекке баулу

Еңбекке баулу — баланың жауапкершілігін, дербестігін және пайдалы іс-әрекетке қызығушылығын қалыптастыратын ұлттық құндылықтардың бірі. Тәрбие процесінде балаларды еңбекке баулу қарапайым тұрмыстық әрекеттер мен ойын арқылы ұйымдастырылып, еңбекке құрмет пен ұқыптылыққа тәрбиелейді.



Ұлттық өнер мен музыка

Ұлттық өнер мен музыка — халықтың рухани мәдениетін танытатын маңызды құндылықтар. Тәрбие процесінде ұлттық әуендер мен музыкалық ойындарды қолдану балалардың эстетикалық талғамын дамытып, ұлттық өнерге деген қызығушылығын қалыптастырады.



Табигатты аяқтау
Табигатты аяқтау — қазақ халқының дүниетанымындағы маңызды құндылықтардың бірі. Балаларды табиғатқа қамқор болуға, өсімдіктер мен жануарларды қорғауға үйрету күнделікті бақылау мен ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады.



ҚОРЫТЫНДЫ

Арнайы бағабөкпешіде ұлттық құндылықтарды ойын арқылы меңгерту — балалардың тұнғалық, әлеуметтік, танымдық және рухани дамуының негізгі факторы. Ұлттық құндылықтар, соның ішінде тіл, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, ұлттық ойындар, үлкенге құрмет, еңбекке баулу, табиғатты аялау, ұлттың өнер мен музыка, балалардың бойына құрмет, ынтымақтастық, жауапкершілік және ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ойын — арнайы бағабөкпешіде оқу-тәрбие процесінің басты құралдарының бірі. Ұлттық мазмұндағы ойын әрекеті арқылы балалар кинематографияға, сөйлеу, әлеуметтік және танымдық дағдыларын дамытады, топтағы ынтымақтастыққа үйренеді және өз эмоцияларын дұрыс бейнрүлі менсереді.

Ұлттық бағыттағы дамытушы ойын ортасы балалардың қазақтың ұлттық арттырады, оқу-тәрбие үрдісін тиімді етеді және ұлттық мәдениеттің мәнін бойына сіңіруге жағдай жасайды. Тәрбиеші ұлттық құндылықтарды күшейтті қарым-қатынас, ойын, көрнектілік және шығармашылық әрекеттер арқылы жүзеге асырады және жағдайда, балалардың рухани-адамгершілік қасиеттері тұрақты түрде қалыптасып, ұлттық сана-сезім берік негізге не болады.

Қорытындылай келе, арнайы бағабөкпешіде ойын арқылы оқыту және ұлттық құндылықтарды енгізу — бұл баланың жан-жақты дамуы мен тұрақты қалыптасуына бағытталған тиімді және қажетті педагогикалық әдіс болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова, А. «Мектепке дейінгі тәрбие: теория мен тәжірибе». Алматы, 2018.
2. Беккожа, Ж. «Балабақшадағы ұлттық тәрбие». Астана, 2020.
3. Қуандықова, С. «Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді мектепке дейінгі балаларға үйрету». Алматы, 2019.
4. Назарбекова, Г. «Арнайы балабақшадағы ойын арқылы оқыту әдістемесі». Шымкент, 2021.
5. Сүлейменова, Д. «Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу». Алматы, 2017.
6. Ахметов, М. «Психология и педагогика дошкольного возраста». Алматы, 2016.
7. Ермекбаев, А. «Ұлттық ойындардың балалар дамуына әсері». Астана, 2018.

МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I. НЕГІЗГІ БӨЛІМ	
1. Арнайы балабақшада ойын арқылы оқытудың рөлі.....	4
2. Ұлттық құндылықтарды тәрбие үдерісіне енгізудің маңызы.....	6
3. Ұлттық бағыттағы дамытушы ойын ортасын ұйымдастыру.....	7
4. Ұлттық құндылықтарды тәрбие процесінде ұйымдастыру ерекшеліктері.....	7
II. ҚОРЫТЫНДЫ	13
III. ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	14